



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»  
акционерлік қоғамының**

**2026 жылғы 1 тоқсандағы қаржылық есептілігі**

-

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы есеп**

| (мың қазақстандық теңгемен)                                                                                 | Ескертп<br>е | 2026 жылғы<br>31 наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------------------|----------------------------|
| <b>АКТИВТЕР</b>                                                                                             |              |                                            |                            |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары                                                                       | 4            | 175,960,320                                | 167,176,538                |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат                                                                               | 5            | 334,442,452                                | 331,215,602                |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек                                                       |              | 293,712                                    | 50,498                     |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар                                                                          |              | 338,229                                    | 295,945                    |
| Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар                                                                    | 6            | 4,188,912                                  | 4,314,369                  |
| Негізгі құралдар                                                                                            |              | 2,531,517                                  | 2,589,212                  |
| Материалдық емес активтер                                                                                   |              | 281,349                                    | 296,074                    |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу                                               |              | 5,165,570                                  | 5,141,745                  |
| Кейінге қалдырылған салық активі                                                                            |              | 14,797,473                                 | 14,797,473                 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер                                                                      |              | 23,142                                     | 113,352                    |
| Өзге активтер                                                                                               |              | 9,518,024                                  | 369,833                    |
| <b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>                                                                                       |              | <b>547,540,700</b>                         | <b>526,360,641</b>         |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>                                                                                        |              |                                            |                            |
| Қарыз қаражаты                                                                                              | 7            | 156,912,291                                | 156,595,123                |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                                                                         |              | 2,783,205                                  | 2,774,574                  |
| Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер                                                            | 8            | 9,512,481                                  | 6,360,991                  |
| Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер                      | 9            | 140,624,091                                | 131,048,517                |
| Өзге міндеттемелер                                                                                          |              | 2,191,634                                  | 2,387,778                  |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>                                                                                  |              | <b>312,023,702</b>                         | <b>299,166,983</b>         |
| <b>КАПИТАЛ</b>                                                                                              |              |                                            |                            |
| Акционерлік капитал                                                                                         | 10           | 168,350,673                                | 168,350,673                |
| Қосымша төленген капитал                                                                                    |              | 8,648,785                                  | 8,648,785                  |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры |              | (69,060)                                   | (123,440)                  |
| Өзге де резервтер                                                                                           |              | 316,430                                    | 316,430                    |
| Бөлінбеген пайда                                                                                            |              | 58,270,170                                 | 50,001,210                 |
| <b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>                                                                                        |              | <b>235,516,998</b>                         | <b>227,193,658</b>         |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>                                                                      |              | <b>547,540,700</b>                         | <b>526,360,641</b>         |
| <b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)</b>                                                              | <b>11</b>    | <b>8 457,99</b>                            | <b>8 158,19</b>            |

**Басқарма төрағасының орынбасары: А.Б. Мустафин**

(тегі, аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер: А.Т. Бекмуратова

(тегі, аты, әкесінің аты)

8 457 99 8 158 19

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп**

| (мың қазақстандық теңгемен)                                                                                                                              | Ескертпе | Үш ай, аяқталған                        |                                         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-----------------------------------------|-----------------------------------------|
|                                                                                                                                                          |          | 2026 жылғы 31 наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы 31 наурыз<br>(аудиттелмеген) |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер                                                                                    | 13       | 17,329,749                              | 10,196,771                              |
| Басқа да ұқсас кірістер                                                                                                                                  | 13       | 1,743                                   | 1,734                                   |
| Пайыздық шығыстар                                                                                                                                        | 13       | (3,062,560)                             | (2,621,488)                             |
| <b>Таза пайыздық кірістер</b>                                                                                                                            |          | <b>14,268,932</b>                       | <b>7,577,017</b>                        |
| Қаржы мекемелеріндегі клиенттердің кредиттері мен аванстары және қаражаттары бойынша кредиттік залалдарға бағалау резервін қалпына келтіру/ (құру)       |          | 595,515                                 | (1,006,446)                             |
| <b>Кредит портфелінің құнсыздануына резерв жасағаннан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>                                                                 |          | <b>14,864,447</b>                       | <b>6,570,571</b>                        |
| Таза комиссиялық кірістер                                                                                                                                | 14       | 12,585,894                              | 9,645,310                               |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер                                    |          | 238,871                                 | 55,954                                  |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан шығыстарды шегергендегі кірістер/ (кірістерді шегергендегі шығыстар) |          | 1,509                                   | (7,713)                                 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер                                                                                 |          | (212,297)                               | (138,588)                               |
| Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал                                       |          | (3,557,504)                             | -                                       |
| Басқа активтердің құнсыздануына резервті/ резервке аударымдарды қалпына келтіру                                                                          |          | (1,641)                                 | (184)                                   |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/ (резервке аудару)                                                                    | 15       | (9,973,236)                             | (2,272,846)                             |
| Таза басқа операциялық кірістер/ (шығыстар)                                                                                                              |          | 24,444                                  | 19,682                                  |
| Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар                                                                                                       |          | (1,445,014)                             | (497,801)                               |
| Жалпы және өкімшілік шығыстар                                                                                                                            |          | (1,449,008)                             | (1,948,514)                             |
| <b>Салық салуға дейінгі пайда</b>                                                                                                                        |          | <b>11,076,465</b>                       | <b>11,425,871</b>                       |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар                                                                                                                 |          | (2,807,505)                             | (2,209,854)                             |
| <b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>                                                                                                                                |          | <b>8,268,960</b>                        | <b>9,216,017</b>                        |
| <b>Өзге жиынтық кіріс:</b>                                                                                                                               |          |                                         |                                         |
| <i>Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>                                                                                |          |                                         |                                         |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар:                                                       |          | 54,380                                  | 37,327                                  |
| <b>Жыл ішіндегі өзге де жиынтық шығыс</b>                                                                                                                |          | <b>54,380</b>                           | <b>37,327</b>                           |
| <b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>                                                                                                                  |          | <b>8,323,340</b>                        | <b>9,253,344</b>                        |

Екі кезеңдегі пайда мен жиынтық кірістің жалпы сомасы толық мөлшерде Қордың акционеріне тиесілі болады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

| (мың<br>қазақстандық теңгемен)                                                                       | Акционерлік<br>капитал | Қосымша<br>төленген<br>капитал | Өзге жиынтық<br>кіріс арқылы әділ<br>құны бойынша<br>бағаланатын |                                  | Өзге де<br>резервте<br>р | Бөлінбеген<br>(залал) /<br>пайда | Жиыны              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------|----------------------------------|--------------------------|----------------------------------|--------------------|
|                                                                                                      |                        |                                | бағалы                                                           | қағаздарды қайта<br>бағалау қоры |                          |                                  |                    |
| <b>2025 жылғы 1 қаңтардағы<br/>қалдық (қайта қаралды)</b>                                            | <b>102,920,273</b>     | <b>8,648,785</b>               |                                                                  | <b>(254,287)</b>                 | <b>316,430</b>           | <b>77,091,492</b>                | <b>188,722,693</b> |
| Жыл ішіндегі пайда                                                                                   | -                      | -                              | -                                                                | -                                | -                        | 9,216,017                        | 9,216,017          |
| Өзге де жиынтық залал                                                                                | -                      | -                              | -                                                                | 37,327                           | -                        | -                                | 37,327             |
| Қарыз бойынша дисконт                                                                                |                        |                                |                                                                  |                                  |                          | (10,052,367)                     | (10,052,367)       |
| <b>2025 жылғы 31 наурызда<br/>аяқталған үш айдың<br/>жиынтық кірісінің<br/>жиыны (аудиттелмеген)</b> |                        |                                |                                                                  | <b>37,327</b>                    | -                        | <b>(836,350)</b>                 | <b>(799,023)</b>   |
| Капиталға жарналар                                                                                   |                        | -                              | -                                                                | -                                | -                        | -                                |                    |
| Жарияланған дивидендтер                                                                              | -                      | -                              | -                                                                | -                                | -                        | -                                |                    |
| <b>2025 жылғы 31<br/>наурыздағы қалдық<br/>(аудиттелмеген)</b>                                       | <b>102,920,273</b>     | <b>8,648,785</b>               |                                                                  | <b>(216,960)</b>                 | <b>316,430</b>           | <b>76,255,142</b>                | <b>187,923,670</b> |
| <b>2026 жылғы 1 қаңтардағы<br/>қалдық</b>                                                            | <b>168,350,673</b>     | <b>8,648,785</b>               |                                                                  | <b>(123,440)</b>                 | <b>316,430</b>           | <b>50,001,210</b>                | <b>227,193,658</b> |
| Жыл ішіндегі пайда                                                                                   | -                      | -                              | -                                                                | -                                | -                        | 8,268,960                        | 8,268,960          |
| Өзге де жиынтық залал                                                                                | -                      | -                              | -                                                                | 54,380                           | -                        | -                                | 54,380             |
| <b>2026 жылғы 31 наурызда<br/>аяқталған үш айдың<br/>жиынтық кірісінің<br/>жиыны (аудиттелмеген)</b> | -                      | -                              | -                                                                | <b>54,380</b>                    | -                        | <b>8,268,960</b>                 | <b>8,323,340</b>   |
| Жарияланған дивидендтер                                                                              | -                      | -                              | -                                                                | -                                | -                        | -                                |                    |
| <b>2026 жылғы 31<br/>наурыздағы қалдық<br/>(аудиттелмеген)</b>                                       | <b>168,350,673</b>     | <b>8,648,785</b>               |                                                                  | <b>(69,060)</b>                  | <b>316,430</b>           | <b>58,270,170</b>                | <b>235,615,998</b> |

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп**

|                                                                                                                  | Үш ай, аяқталған                           |                                            |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|--------------------------------------------|
|                                                                                                                  | 2026 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) |
| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                                               |                                            |                                            |
| <b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары:</b>                                                            |                                            |                                            |
| Алынған пайыздар                                                                                                 | 8,789,263                                  | 4,628,440                                  |
| Төленген пайыздар                                                                                                | (101,983)                                  | (102,244)                                  |
| Алынған комиссиялар                                                                                              | 9,786,926                                  | 3,406,197                                  |
| Төленген комиссиялар                                                                                             | (46,435)                                   | (23,456)                                   |
| Өзге операциялық қызметтен түскен түсімдер                                                                       | (39,973)                                   | 16,193                                     |
| Еңбекке ақы төлеу бойынша төленген шығындар                                                                      | (1,786,145)                                | (1,424,303)                                |
| Төленген жалпы және әкімшілік шығыстар                                                                           | (1,619,326)                                | (1,458,472)                                |
| Төленген пайдаға салынатын салық                                                                                 | (2,200,000)                                | (2,209,854)                                |
| <b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты</b> | <b>12,782,327</b>                          | <b>2,832,501</b>                           |
| <i>Таза өсім/төмендеу:</i>                                                                                       |                                            |                                            |
| - қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша                                                                       | (719,348)                                  | 2,732,273                                  |
| - клиенттерге кредиттер мен аванстар бойынша                                                                     | 651,670                                    | 457,565                                    |
| - қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша                                                             | 401                                        | 522                                        |
| - өзге де қаржы активтері бойынша                                                                                | (1,867,006)                                | (2,340,363)                                |
| - өзге де активтер бойынша                                                                                       | 122,182                                    | 1,048                                      |
| <i>Таза өсім/(төмендеуі):</i>                                                                                    |                                            |                                            |
| - басқа қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер) бойынша                        | 146,270                                    | 1,970,661                                  |
| - өзге де міндеттемелер бойынша                                                                                  | (1,354,641)                                | 24,954                                     |
| <b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>                                                          | <b>9,761,855</b>                           | <b>5,679,161</b>                           |
| <b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>                                                              |                                            |                                            |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу                                                                        | -                                          | -                                          |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер                                            | 1,780,000                                  | 5,265,201                                  |
| Негізгі құралдарды сатып алу                                                                                     | (52,739)                                   | -                                          |
| Материалдық емес активтерді сатып алу                                                                            | -                                          | -                                          |
| Сатуға арналған активтерді өткізуден түскен түсімдер                                                             | -                                          | -                                          |
| <b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>                                                   | <b>1,727,261</b>                           | <b>5,265,201</b>                           |
| <b>Қаржы қызметінен түскен ақша қаражаты</b>                                                                     |                                            |                                            |
| Қарыз қаражатын алу                                                                                              | -                                          | -                                          |
| Қарыз қаражатын өтеу                                                                                             | (2,611,624)                                | (2,188,861)                                |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсетін түсімдер                                                          | (93,578)                                   | (59,090)                                   |
| Ұзақ мерзімді жалға алуды өтеу                                                                                   | -                                          | -                                          |
| Акционерлердің капиталға жарналары                                                                               | -                                          | -                                          |
| Төленген дивидендтер                                                                                             | -                                          | -                                          |
| <b>Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>                                                         | <b>(2,705,202)</b>                         | <b>(2,247,951)</b>                         |
| Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсер                                     | (227)                                      | (274)                                      |
| Құнсыздануға резерв өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері                               | 95                                         | 102                                        |
| <b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының (таза төмендеуі)/таза өсімі</b>                                   | <b>8,783,782</b>                           | <b>8,696,239</b>                           |
| Кезеңнің басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары                                                       | 167,176,538                                | 124,564,933                                |
| <b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>                                                     | <b>175,960,320</b>                         | <b>133,261,172</b>                         |

## **1 Кіріспе**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жөніндегі даму институты ретінде қаржылық қызмет көрсететін акционерлік қоғам ретінде тіркелген және өз қызметін жүзеге асырады.

2026 және 2025 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бас компания» немесе «Жалғыз акционер»). Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша ақпарат 18-ші ескертпеде көрсетілген.

**Негізгі қызметі.** Қордың негізгі қызметі - екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы кредиттеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдарын тарату. Қор Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін жеке және қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 20 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсесі Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан.

**Тіркелген мекенжайы және қызмет жүргізу орны.** Қор Қазақстан Республикасы, Алматы, Гоголь көшесі, 111 мекенжайы бойынша тіркелген.

## **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта**

**Қазақстан Республикасы.** Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір тән ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы елдегі саяси, заңнамалық, қаржылық және реттеушілік өзгерістердің ықпалында қалып отыр. Теңгенің айырбас бағамы мен шикізат тауарларының бағасына қатысты белгісіздік сақталады.

Экономикалық орта Қордың қызметі мен қаржылық жағдайына едәуір әсер етеді. Басшылық Қордың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын және басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Қордың бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

### **3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны**

**Есеп беру негіздері.** 2026 жылғы 31 наурызда аяқталған, үш айға арналған қаржылық есептілік ҚЕХС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілік» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалды.

**Құнын анықтауға арналған база.** Осы қаржылық есептілік тарихи құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде, қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде әділ құны бойынша бағалауға және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша, сондай-ақ өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға тиісті түзетулер енгізіле отырып дайындалды.

**Қызметтің үздіксіздігі туралы болжам.** Қор басшылығы осы аралық қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде дайындады.

**Функционалдық валюта және аралық қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы.** Қордың функционалдық валютасы қазақстандық теңге («теңге») болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Қор жүргізетін операциялар мен оларға байланысты, оның қызметіне әсер ететін жайттар көпшілігінің экономикалық мәнін жақсы көрсетеді.

Теңге сондай-ақ осы аралық қаржылық есептіліктегі деректерді ұсыну валютасы болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сан көрсеткіштері, егер өзгеше көрсетілмесе, мыңға дейін жуықталған.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған **есеп саясатының қағидаттары** төменде келтірілген.

**Қаржы құралдары – бағалаудың негізгі тәсілдері.** Әділ құн – бұл бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде активті сату кезінде алынуы немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең сенімді растауы белсенді нарықтағы баға белгіленімі болып табылады. Белсенді нарық — бұл активпен немесе міндеттемемен жасалатын операциялар бағалау туралы ақпаратты тұрақты негізде алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүзеге асырылатын нарық. Белсенді нарықта айналыста болатын қаржы құралдарының әділ құны кәсіпорын иелігіндегі жекелеген активтің немесе міндеттеменің баға белгіленімін олардың санына көбейту арқылы алынған сома ретінде бағаланады. Бұл кәсіпорын иелігіндегі активтер мен міндеттемелер көлемін сіңіру үшін нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы жеткілікті болған және позицияларды сатуға өтінімдерді жеке операцияда орналастыру баға белгіленіміне әсер етуі мүмкін жағдайларда да қолданылады. Әділ құнды бағалау үшін сұраныс пен ұсыныс бағалары арасындағы спрэд шегіндегі баға пайдаланылды, ол қалыптасқан жағдайларда әділ құнды неғұрлым дәл көрсететін баға болып табылады және басшылық оны есепті күнгі соңғы мәміле бағасына тең деп есептейді. Қаржылық активтерді бағалау үшін пайдаланылған нарықтық баға белгіленімі ағымдағы сұраныс бағасы болып табылады, ал қаржылық міндеттемелер үшін пайдаланылған нарықтық баға белгіленімі ағымдағы ұсыныс бағасы болып табылады.

**Мәміле бойынша шығындар** қосымша шығындар болып табылады және қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе есептен шығаруға тікелей байланысты. Қосымша шығындар — мәміле жасалмаған жағдайда туындамайтын шығындар. Мәміле бойынша шығындарға агенттерге (соның ішінде сауда агенттері ретінде әрекет ететін қызметкерлерге), консультанттарға, брокерлер мен делдалдарға төленетін сыйақылар мен комиссиялар, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншік құқығын беру кезінде алынатын салықтар мен алымдар кіреді. Мәміле бойынша шығындарға қарыз бойынша сыйлықақылар немесе дисконттар, қаржыландыру шығындары, ішкі әкімшілік шығындар немесе сақтау шығындары кірмейді.

**Амортизацияланған құн** негізгі борыш бойынша төлемдер шегерілгеннен кейінгі, бірақ есептелген пайыздарды қоса алғандағы активтің бастапқы құнын білдіреді, ал қаржылық активтер үшін — құнсызданудан болған шығындардың кез келген есептен шығарылуын шегергендегі құнды білдіреді. Есептелген пайыздарға тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле бойынша шығындардың, сондай-ақ өтеу сомасына қатысты кез келген сыйлықақының немесе дисконттың амортизациясы кіреді. Есептелген пайыздық кірістер мен есептелген пайыздық шығыстар, оның ішінде есептелген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйлықақы (соның ішінде, болған жағдайда, ұсыну кезінде кейінге қалдырылған комиссия) жеке көрсетілмейді, олар қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

### **3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)**

*Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі* – бұл құралдың баланстық құнына қатысты әрбір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі.

**Қаржы құралдарын бастапқы тану.** Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Қалған барлық қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнның ең сенімді растауы мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі пайда немесе залал әділ құн мен мәміле бағасы арасында айырмашылық болған жағдайда ғана танылады, бұл айырмашылықтың растауы ретінде сол құрал бойынша нарықта бақыланатын өзге ағымдағы мәмілелер немесе бастапқы деректер ретінде тек бақыланатын нарықтардың деректерін пайдаланатын бағалау әдісі қызмет ете алады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерге және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға инвестицияларға қатысты күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві танылады, бұл актив бастапқы танылғаннан кейін бірден бухгалтерлік шығынның танылуына алып келеді.

**Қаржылық активтердің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві.** Қор болжамдар негізінде амортизацияланған құны бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға, сондай-ақ кредиттер беру жөніндегі міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына байланысты туындайтын тәуекелдерге қатысты күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды. Қор әрбір есепті күнге күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды және кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау: (i) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау арқылы айқындалған бейтарап әрі ықтималдықты ескере отырып өлшенген соманы, (ii) ақшаның уақытша құнын және (iii) есепті күнге шамадан тыс шығындар мен күш жұмсамай қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақ экономикалық шарттар туралы барлық негізделген әрі расталатын ақпаратты көрсетеді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін шегергенде көрсетіледі. Кредиттік міндеттемелер мен қаржылық кепілдіктерге қатысты қаржылық жағдай туралы есептегі міндеттемелер құрамында күтілетін кредиттік шығындар бойынша жеке резерв танылады. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың амортизацияланған құнындағы күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін есепке алмағанда болатын өзгерістер пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Баланстық құндағы өзге өзгерістер «Өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдардан түскен кірістер шегерілген шығыстар» бабы бойынша өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

**Қаржылық активтерді тануды тоқтату.** Қор қаржылық активтерді: (а) бұл активтер өтелген кезде немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтар өзге түрде тоқтатылған кезде, не (б) Қор қаржылық активтер бойынша ақша ағындарына құқықтарды берген немесе беру туралы келісім жасасқан және бұл ретте (i) осы активтерге меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды мәні бойынша берген кезде, немесе (ii) осы активтерге меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды мәні бойынша бермеген де, сақтамаған да, бірақ осы активтерге бақылау құқығын жоғалтқан кезде тануды тоқтатады. Егер контрагенттің активті сатуға шектеулер енгізбей, оны байланысы жоқ үшінші тарапқа толық сатуға нақты мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

**Қаржылық активтерді модификациялау.** Кейбір жағдайларда Қор қаржылық активтер бойынша шарттық талаптарды қайта қарайды немесе өзге түрде модификациялайды. Қор шартта көзделген ақша ағындарының модификациясы елеулі болып табылатынын, соның ішінде келесі факторларды ескере отырып бағалайды: актив бойынша тәуекелдер бейініне елеулі әсер ететін жаңа шарттық талаптардың болуы (мысалы, пайдаға қатысу немесе капиталдан түсетін кіріс), пайыздық мөлшерлеменің елеулі өзгеруі, валюталық деноминацияның өзгеруі, активке байланысты кредиттік тәуекелге елеулі әсер ететін жаңа немесе қосымша кредиттік қамтамасыз етудің пайда болуы немесе қарыз алушы қаржылық қиындықтарға тап болмаған жағдайларда кредит мерзімінің елеулі ұзартылуы.

**Ақша қаражаттары және олардың баламалары.** Ақша қаражаты және олардың баламалары оңай түрде белгілі бір ақша сомасына айырбасталатын және құнының өзгеру тәуекелі елеусіз болып табылатын баптар болып табылады. Ақша қаражаты және олардың баламалары бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем болатын барлық банкаралық депозиттерді және басқа банктермен жасалған кері РЕПО шарттарын қамтиды. Пайдаланылуы үш айдан астам мерзімге шектелген қаражат есептен шығарылады. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.



### **3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)**

**Басқа банктердегі қаражат.** Басқа банктердегі қаражат Қор банктер-контрагенттерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын ұсынған кезде есепке алынады. Басқа банктердегі қаражат, егер (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталып отырса және бұл ақша ағындары тек негізгі борыш сомасы мен пайыздар бойынша төлемдерді білдірсе және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаса, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар.** Бизнес-модель мен ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша немесе пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санаттарға жатқызады. Борыштық бағалы қағаздар, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталып отырса, бұл ақша ағындары тек негізгі борыш сомасы мен пайыздар бойынша төлемдерді білдірсе және есептік сәйкессіздікті едәуір азайту мақсатында ерікті түрде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде айқындалмаса, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Клиенттерге кредиттер мен аванстар.** Клиенттерге берілген кредиттер мен аванстар Қор клиенттің кредитін сатып алу немесе клиентке кредит беру мақсатында клиенттерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын ұсынған кезде есепке алынады. Бизнес-модель мен ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор клиенттерге берілген кредиттер мен аванстарды келесі бағалау санаттарының біріне жатқызады: (i) амортизацияланған құны бойынша: шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталып отырған, тек негізгі борыш сомасы мен пайыздар бойынша төлемдерді білдіретін кредиттер және ерікті түрде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған кредиттер, және (ii) пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша: SPPI-тестінің немесе амортизацияланған құны бойынша не өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау үшін өзге критерийлердің талаптарына сәйкес келмейтін кредиттер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

**Қаржылық кепілдіктер.** Қаржылық кепілдіктер Қордан кепілдік ұстаушыға көрсетілген борышкер борыштық құралдың бастапқы немесе модификацияланған талаптарына сәйкес төлемді уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда шеккен залалдарды өтеу үшін белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруды талап етеді. Қаржылық кепілдіктер бастапқыда, әдетте, алынған сыйақы сомасымен расталатын әділ құны бойынша көрсетіледі. Бұл сома кепілдік қолданылатын мерзім ішінде сызықтық әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің соңында міндеттемелер келесі сомалардың неғұрлым үлкені бойынша бағаланады: (i) күтілетін кредиттік шығындар моделі қолданылып айқындалған кепілдік бойынша шығындарға арналған бағалау резервінің сомасы және (ii) бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың амортизацияланбаған қалған қалдығы. Бұдан басқа, қаржылық жағдай туралы есепте актив ретінде көрсетілетін сыйақы бойынша дебиторлық берешекке қатысты күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві танылады.

**Міндеттемелерді орындау кепілдіктері.** Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету кепілдіктері – бұл шарттың екінші тарабы шартта көзделген міндеттемені орындамаған жағдайда өтемақы алуды көздейтін шарттар. Мұндай шарттар кредиттік тәуекелден басқа, шартта көзделген міндеттеменің орындалмау тәуекелін де береді. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету кепілдіктері бастапқыда, әдетте, алынған сыйақы сомасымен расталатын әділ құны бойынша көрсетіледі. Бұл сома шарттың қолданылу мерзімі ішінде сызықтық әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің соңында міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі шарттары келесі сомалардың неғұрлым үлкені бойынша бағаланады: (i) бастапқы тану сомасының амортизацияланбаған қалған қалдығы және (ii) есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша шартты реттеу үшін қажетті шығындардың келтірілген құнға дейін дисконтталған ең үздік бағасы. Егер Қорда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі шарттарын реттеу үшін төленген сомаларды өтеу мақсатында клиентке жүгінуге шартта көзделген құқық болса, бұл сомалар кепілдік бойынша бенефициарға залал өтемі берілгеннен кейін актив ретінде танылуға тиіс. Бұл төлемдер пайда немесе залал құрамында комиссиялық кірістер ретінде танылады.

**Қарыз қаражаты.** Қарыз қаражаты Қор контрагенттерден ақша қаражатын немесе өзге активтерді алған сәттен бастап есепке алынады. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор өзінің меншікті берешегін сатып алса, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген сома арасындағы айырма берешекті реттеуден түскен кірістер немесе шығыстар құрамына енгізіледі.

Акционерден қарыз қаражатын алған кезде Қор қарыз қаражатының әділ құнын айқындайды және әділ құн мен алынған ақша қаражаты арасындағы айырманы таниды. Бұл айырма алынған қаражаттың мақсатына қарай Қордың пайда немесе залал туралы есебінің құрамында немесе меншікті капиталының құрамында көрсетіледі.

### **3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)**

**Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.** Шығарылған борыштық бағалы қағаздарға Қор шығарған облигациялар кіреді. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор өзінің шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтем арасындағы айырма берешекті мерзімінен бұрын реттеуден түскен кірістер құрамына енгізіледі.

**Субсидиялау бағдарламалары.** Субсидиялар Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жауапты орган түрлі мемлекеттік бағдарламалар мақсатында ұсынған қаржыландыруды білдіреді. Қор субсидиялау бағдарламалары бойынша агент ретінде әрекет етеді. Үкіметтен алынған қаржыландыру қаражат өтелген сәтке дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме ретінде танылады. Қаржыландыру Үкімет субсидиялаған жобалар үшін төлем ретінде жергілікті банктерде орналастырылады. Қор меншікті қаржыландыруды жергілікті банктерге берген кезде төлем мемлекеттік қаржыландыру алынғанға дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек ретінде есепке алынады.

**Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану.** Пайыздық кірістер мен шығыстар пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құралдарды қоспағанда, барлық борыштық құралдар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстар құрамына шарт тараптары төлеген және алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын барлық комиссиялар мен төлемдерді, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық өзге сыйлықақылар мен жеңілдіктерді қамтиды. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша номиналды пайыздық мөлшерлеме негізінде есептелген пайыздық кіріс пайда немесе залал құрамында «Өзге ұқсас кірістер» бабы бойынша көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге қатысты комиссияларға ұйым қаржылық активті қалыптастыруға немесе сатып алуға не қаржылық міндеттемені шығаруға байланысты алған немесе төлеген комиссиялар кіреді (мысалы, кредит қабілеттілігін бағалау, кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау не есепке алу, құралды ұсыну талаптарын реттеу және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссиялар). Нарықтық мөлшерлемелер бойынша қарыз беру үшін Қор алған міндеттеме бойынша комиссиялар, егер Қор нақты кредиттік келісімді жасасуы ықтимал болса және қарызды ұсынғаннан кейін қысқа мерзім ішінде оны сатуды жоспарламаса, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор кредиттер беру жөніндегі міндеттемені пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде жіктемейді.

Құрылған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған қаржылық активтерге қатысты тиімді пайыздық мөлшерлеме бастапқы тану кезінде күтілетін ақша ағындарын (бастапқы күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда) әділ құнға дейін дисконттайтын мөлшерлемені білдіреді (әдетте сатып алу бағасына сәйкес келеді). Нәтижесінде тиімді пайыз кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі.

Пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына қолдану арқылы есептеледі, бұған: (i) құнсызданған қаржылық активтер (3-кезең) жатпайды, олар бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені олардың амортизацияланған құнына (күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде) қолдану арқылы есептеледі; және (ii) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген, амортизацияланған құнға қолданылатын құрылған немесе сатып алынған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер жатпайды.

#### 4 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                                 | <b>2026 жылғы<br/>31 наурыз<br/>(аудиттелмеген)</b> | <b>2025 жылғы 31<br/>желтоқсан</b> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіндегі (ҚР ҚМ)<br>талап етілгенге дейінгі шоттағы қалдықтар | 31,167,175                                          | 28,086,515                         |
| Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем сатып алу және кері<br>сату (Кері РЕПО) шарттары                | 134,734,616                                         | 123,014,923                        |
| Талап етілгенге дейінгі банктік шоттардағы қалдықтар                                               | 6,110,406                                           | 9,515,205                          |
| ҚРҰБ шоттары бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден<br>басқа)                                    | 1,551,228                                           | 1,259,480                          |
| Басқа банктердегі «овернайт» депозиттері                                                           | 2,401,167                                           | 5,300,575                          |
| Құнсыздануға арналған резервті шегергенде                                                          | (4,272)                                             | (160)                              |
| <b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының<br/>жиыны</b>                                       | <b>175,960,320</b>                                  | <b>167,176,538</b>                 |

Талап етілгенге дейінгі банктік шоттардағы қалдықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған қаражатты қамтиды (8-ескертпе).

#### 5 Қаржы мекемелеріндегі қаражат

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                    | <b>2026 жылғы<br/>31 наурыз<br/>(аудиттелмеген)</b> | <b>2025 жылғы<br/>31 желтоқсан</b> |
|-----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------|
| Қаржы институттарына берілген кредиттер                               | 270,407,383                                         | 265,972,564                        |
| Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде<br>берілген кредиттер | 10,764,072                                          | 10,545,380                         |
| Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктік депозиттер              | 49,767,293                                          | 49,406,951                         |
| Қаржы мекемелерінің борыштық бағалы қағаздары                         | 8,818,235                                           | 10,606,431                         |
| Кредиттердің құнсыздануына резервті шегергенде                        | (5,314,531)                                         | (5,315,724)                        |
| <b>Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны</b>                            | <b>334,442,452</b>                                  | <b>331,215,602</b>                 |

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қаржы мекемелеріне берілген кредиттер балансының шамалы өзгеруі кредиттерді жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты.

Берілген қаражат бойынша әділ құн туралы ақпарат 17-ескертпеде келтірілген.

#### 6 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                                        | <b>2026 жылғы<br/>31 наурыз<br/>(аудиттелмеген)</b> | <b>2025 жылғы 31<br/>желтоқсан</b> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------|
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын<br>борыштық бағалы қағаздар                      | 4,121,280                                           | 4,243,454                          |
| Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны<br>бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | 67,632                                              | 70,915                             |
| <b>Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың<br/>жиыны</b>                                              | <b>4,188,912</b>                                    | <b>4,314,369</b>                   |

Төмендегі кестеде бағалау санаттары мен сыныптары бойынша 2026 жылғы 31 наурыздағы борыштық бағалы қағаздарға салынған инвестициялар көрсетілген.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**2026 жылғы 1 тоқсандағы қаржылық есептілікке ескертпелер**

|                                                                                          | Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | Жиыны     |
|------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|-----------|
| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                       |                                                                                                        |                                                                                   |                                                                    |           |
| ҚР ҰБ ноталары                                                                           | -                                                                                                      | -                                                                                 | -                                                                  | -         |
| Қазақстандық мемлекеттік облигациялар                                                    | 67,632                                                                                                 |                                                                                   |                                                                    | 389,773   |
| Корпоративтік облигациялар                                                               | -                                                                                                      | 322,141                                                                           | -                                                                  |           |
| Өзге корпоративтік эмитенттердің облигациялары                                           | -                                                                                                      | 3,804,088                                                                         | -                                                                  | 3,804,088 |
| 2026 жылғы 31 наурыздағы борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны                  | 67,632                                                                                                 | 4,126,229                                                                         | -                                                                  | 4,193,861 |
| Кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві                                               | -                                                                                                      | (4,949)                                                                           | -                                                                  | (4,949)   |
| 2026 жылғы 31 наурыздағы борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны (баланстық құны) | 67,632                                                                                                 | 4,121,280                                                                         | -                                                                  | 4,188,912 |

Төмендегі кестеде бағалау санаттары мен сыныптары бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсандағы борыштық бағалы қағаздарға салынған инвестициялар көрсетілген.

|                                                                                                                     | Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар | Жиыны     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                                                  |                                                                                                        |                                                                                   |           |
| Қазақстандық мемлекеттік облигациялар                                                                               | 70,915                                                                                                 | 309,962                                                                           | 380,877   |
| Корпоративтік облигациялар                                                                                          | -                                                                                                      | 3,938,612                                                                         | 3,938,612 |
| 2025 жылғы 31 желтоқсандағы борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиыны (әділ құн немесе жалпы баланстық құн) | 70,915                                                                                                 | 4,248,574                                                                         | 4,319,489 |
| Кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві                                                                          | -                                                                                                      | (5,120)                                                                           | (5,120)   |
| 2025 жылғы 31 желтоқсандағы борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиыны (баланстық құны)                      | 70,915                                                                                                 | 4,243,454                                                                         | 4,314,369 |

## 7 Қарыз қаражаты

|                                      | 2026 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген) | 31 желтоқсан 2025 жылғы |
|--------------------------------------|--------------------------------------|-------------------------|
| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>   |                                      |                         |
| «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ                   | 134,877,909                          | 132,522,552             |
| Муниципалдық органдар                | 21,706,731                           | 23,753,373              |
| «Қазхром» Трансұлттық компаниясы» АҚ | 327,651                              | 319,198                 |
| Қарыз қаражатының жиыны              | 156,912,291                          | 156,595,123             |

Қор өңірлерде нысаналы кредиттеу үшін муниципалдық органдардан қарыз қаражатын алады. 2025 жылы басшылық осындай қарыз қаражатына қатысты есеп саясатын өзгертті және тиісінше оларды әділ құны бойынша бағалау арқылы олардың баланстық құнын түзетті. (3-ескертпе).

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**2026 жылғы 1 тоқсандағы қаржылық есептілікке ескертпелер**

Қарыз қаражатының әрбір санаты бойынша әділ құн туралы ақпарат 17-ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен жасалған операциялар туралы ақпарат 18-ескертпеде ұсынылған.

**8 Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер**

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                               | <b>2026 жылғы<br/>31 наурыз<br/>(аудиттелмеген)</b> | <b>31 желтоқсан<br/>2025 жылғы</b> |
|------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------|
| Банктер                                                          | 2,211,309                                           | 6,318,767                          |
| Муниципалдық органдар                                            | 7,301,172                                           | 42,224                             |
| <b>Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелердің жиыны</b> | <b>9,512,481</b>                                    | <b>6,360,991</b>                   |

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер жергілікті атқарушы органдардан, республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінен алынған қаражатты білдіреді. Бұдан әрі қаражат екінші деңгейдегі банктерге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 17 қарашада № 33681 тіркелген «Мемлекеттік қаржылық қолдаудың ережелерін, нысандарын, қызметін мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері жүзеге асыратын экономика салаларын бекіту туралы» министрліктердің бірлескен бұйрығын, ал кейінірек ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 754 қаулыларын іске асыру шеңберінде жобалар бойынша субсидияларды төлеу ретінде жіберіледі.

Байланысты тараптармен жасалған операциялар туралы ақпарат 18-ескертпеде ұсынылған.

**9 Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер**

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                                  | <b>2026 жылғы<br/>31 наурыз<br/>(аудиттелмеген)</b> | <b>2025 жылғы 31<br/>желтоқсан</b> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|------------------------------------|
| Қаржылық кепілдіктер бойынша болашақ кезеңдердің кірістері                                          | 50,755,072                                          | 51,952,626                         |
| Қаржылық кепілдіктер (кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв)                             | 49,389,990                                          | 38,616,862                         |
| Мемлекеттік гранттан болашақ кезеңдердің кірістері                                                  | 32,822,398                                          | 32,822,398                         |
| Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша кредит беру міндеттемесі                                       | 7,656,631                                           | 7,656,631                          |
| <b>Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер жиыны</b> | <b>140,624,091</b>                                  | <b>131,048,517</b>                 |

«Даму» Қорының кепілдіктері – кепілдік беру шарттарынан туындайтын кепілдік сомасы шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қарыз шарты бойынша негізгі борыштың бір бөлігін төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Қор келесі кепілдік беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде кепілдік сомасы шегінде кепілдік шарттарынан туындайтын екінші деңгейдегі ұйымдармен/банктермен/микроқаржы ұйымдарымен/лизингтік компаниялармен кредиттік шарт/қаржылық лизинг шарты бойынша: ««Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 754 қаулысы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 27.11.2023 жылы № 33681 тіркелген «Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдаудың қағидаларын, нысандарын бекіту туралы» министрліктердің бірлескен бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларды кредиттеу және қаржы лизингі тетігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.11.2018 жылғы № 746 қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, және Қор Басқармасының 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 05/2018 шешімімен бекітілген «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасы.

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Қор бағдарлама үйлестірушісі/әкімшісі мен жеке кәсіпкерлік субъектісі арасындағы қаржылық агенті болып табылады. Кепілдік қоры резервін қалыптастыру көздері ретінде екінші деңгейдегі банктердің және өзге де заңды тұлғалардың жарналары, жекеше кәсіпкерлік субъектілерінің кепілдік шығару үшін комиссия төлеуі, Қордың меншікті қаражатын бөлуі және өзге де түсімдер болуы мүмкін. Негізінен алынған сомалар берілген кепілдіктің қолданылу мерзімі бойы оларды кірістерге тікелей бөлу арқылы кіріс ретінде кейінге қалдырылады. Берілген кепілдіктер санының артуы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін кепілдіктер көлемінің жалпы ұлғаюымен байланысты.

**Кепілдік қорын есепке алу**

2025 жылы Қор «Кепілдік қоры» қаржы механизмін енгізді. Кепілдік қоры портфельдік кепілдендіру әдісі арқылы кредиттер, қаржылық жалдау, шартты міндеттемелер және форвардтық келісімшарттар бойынша кепілдіктер ұсынады. 1-кепілдік қоры Қордың меншікті қаражаты, екінші деңгейдегі банктердің жарналары, республикалық және жергілікті бюджеттерден түсетін қаражаттар, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың түсімдері есебінен қалыптастырылады. Кепілдік қорының негізгі функциясы – түпкі қарыз алушылардың (ЖКС) екінші деңгейдегі банктер мен өзге де заңды тұлғалар алдындағы міндеттемелері бойынша, атап айтқанда, қарыз алушылар өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайларда берешекті жабу мақсатында кепілдіктер ұсыну. Кредиторлар ретінде екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары, астық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ұлттық компания және өзге де заңды тұлғалар әрекет етеді. Мемлекеттің жарналары ретінде республикалық және жергілікті бюджеттерден алынған қаражаттар, сондай-ақ 1-кепілдік қорына қатысушылардың қаражаттары қаржы ұйымының кейінге қалдырылған кірісі ретінде есепке алынады және кейіннен берілген кепілдіктердің мерзіміне пропорционалды түрде кірісті ай сайын тану (амортизациялау) жүзеге асырылады.

Болашақ кезеңдер кірістерінің әділ құны және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв туралы ақпарат 17-ескертпеде келтірілген. Байланысты тараптармен жасалған операциялар туралы ақпарат 18-ескертпеде келтірілген.

**10 Акционерлік капитал**

| <i>Акциялар санын қоспағанда, мың қазақстандық теңгемен</i> | <b>Айналыстағы<br/>акциялар саны<br/>(мың)</b> | <b>Жай акциялар</b> | <b>Жиыны</b>       |
|-------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|---------------------|--------------------|
| <b>2025 жылғы 1 қаңтарға</b>                                | <b>27,762</b>                                  | <b>102,920,273</b>  | <b>102,920,273</b> |
| Шығарылған жаңа акциялар                                    | 0                                              | 0                   | 0                  |
| <b>2025 жылғы 31 наурызға</b>                               | <b>27,762</b>                                  | <b>102,920,273</b>  | <b>102,920,273</b> |
| <b>2026 жылғы 1 қаңтарға</b>                                | <b>27,812</b>                                  | <b>168,350,673</b>  | <b>168,350,673</b> |
| <b>2026 жылғы 31 наурызда</b>                               | <b>27,812</b>                                  | <b>168,350,673</b>  | <b>168,350,673</b> |

**11 Бір жай акцияға шаққандағы таза активтер.**

Қазақстан қор биржасының Листинг қағидаларына сәйкес Қор аталған Қағидаларға сәйкес есептелген, бір жай акцияға шаққандағы таза активтер туралы ақпаратты ашты:

| <i>мың қазақстандық теңгемен</i>             | <b>2026 жылғы<br/>31 наурыз<br/>аудиттелмеген</b> | <b>2025 жылғы 31<br/>желтоқсан</b> |
|----------------------------------------------|---------------------------------------------------|------------------------------------|
| Активтер                                     | 547,540,700                                       | 526,360,641                        |
| Материалдық емес активтер                    | 281,349                                           | 296,074                            |
| Міндеттемелер                                | 312,023,702                                       | 299,166,983                        |
| Артықшылықты акцияларға жарғылық капитал     | 0                                                 | 0                                  |
| <b>Жай акцияларға арналған таза активтер</b> | <b>235,235,649</b>                                | <b>226,897,584</b>                 |
| Жай акциялардың жалпы саны                   | 27,812,244                                        | 27,812,244                         |
| <b>Жай акцияның баланстық құны (теңге)</b>   | <b>8,457,99</b>                                   | <b>8 158,19</b>                    |

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бір жай акцияға шаққандағы таза активтер Қор үшінші тұлғаларға сата алмайтын материалдық емес активтердің баланстық құны мөлшеріне азайтылған меншікті капитал сомасын, яғни 235 235 649 мың теңгені (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 226 897 584 мың теңге) айналыстағы акциялардың жалпы санына – 27 812 244 акцияға (2025 жылғы 31 желтоқсанда: 27 812 244 акция) бөлу арқылы айқындалды.

## 12 Бір акцияға шаққандағы пайда

| (мың қазақстандық теңгемен)                                                                 | Аяқталған үш ай                            |                                            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|--------------------------------------------|
|                                                                                             | 2026 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) |
| Жай акция иесіне тиесілі пайда                                                              | 8,268,960                                  | 9,216,017                                  |
| Артықшылықты акция иесіне тиесілі пайда                                                     | 0                                          | 0                                          |
| <b>Есепті кезеңдегі пайда</b>                                                               | <b>8,268,960</b>                           | <b>9,216,017</b>                           |
| <b>Айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны</b>                                     | <b>27,812,244</b>                          | <b>27,762,244</b>                          |
| <b>Айналыстағы артықшылықты акциялардың орташа өлшенген саны</b>                            |                                            |                                            |
| Бір жай акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайда, акцияға шаққандағы теңге          | 297,32                                     | 331,96                                     |
| Бір артықшылықты акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайда, акцияға шаққандағы теңге | 0                                          | 0                                          |

## 13 Пайыздық кірістер мен шығыстар

| (мың қазақстандық теңгемен)                                                           | Аяқталған үш ай                            |                                            |
|---------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|--------------------------------------------|
|                                                                                       | 2026 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) |
| <b>Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер</b>          |                                            |                                            |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат                                                         | 11,716,341                                 | 8,375,841                                  |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары                                                 | 5,552,782                                  | 1,733,351                                  |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 34,644                                     | 35,415                                     |
| Клиенттерге кредиттер мен аванстар                                                    | 25,982                                     | 52,164                                     |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар               | -                                          | -                                          |
| <b>Пайыздық кірістер жиыны</b>                                                        | <b>17,329,749</b>                          | <b>10,196,771</b>                          |
| <b>Басқа да ұқсас кірістер</b>                                                        |                                            |                                            |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 1,743                                      | 1,734                                      |
| <b>Өзге де ұқсас кірістер жиыны</b>                                                   | <b>1,743</b>                               | <b>1,734</b>                               |
| <b>Пайыздық шығыстар</b>                                                              |                                            |                                            |
| Қарыз қаражаты                                                                        | (2,971,275)                                | (2,580,623)                                |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар                                                   | (68,130)                                   | (29,750)                                   |
| Қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеуге арналған шығыстар                          | (23,155)                                   | (11,115)                                   |
| Өзгелері                                                                              | -                                          | -                                          |
| <b>Пайыздық шығыстар жиыны</b>                                                        | <b>(3,062,560)</b>                         | <b>(2,621,488)</b>                         |
| <b>Таза пайыздық кірістер</b>                                                         | <b>14,268,932</b>                          | <b>7,577,017</b>                           |

## 14 Таза комиссиялық кірістер

| (мың қазақстандық теңгемен)                 | Аяқталған үш ай                            |                                            |
|---------------------------------------------|--------------------------------------------|--------------------------------------------|
|                                             | 2026 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) |
| Берілген кепілдіктер                        | 11,935,889                                 | 9,645,310                                  |
| КҚ бағдарламасы шеңберіндегі кепілдік жарна | 650,005                                    |                                            |
| <b>Комиссиялық кірістер жиыны</b>           | <b>12,585,894</b>                          | <b>9,645,310</b>                           |

## 15 Шартты және шарттық міндеттемелер

**Сот талқылаулары.** Қызмет барысында мезгіл-мезгіл сот органдарына Қорға қатысты талап-арыздар түседі. Өз бағалауы мен ішкі кәсіби консультанттардың ұсынымдары негізінде Қор басшылығы бұл істер бойынша сот талқылаулары Қор үшін елеулі шығындарға алып келмейді деп есептейді және тиісінше осы қаржылық есептілікте аталған талқылаулар бойынша шығындарды жабуға арналған резерв қалыптастырмаған.

**Кредиттік сипаттағы міндеттемелер.** Бұл құралдардың негізгі мақсаты – клиенттерге қажеттілігіне қарай қаражат беруді қамтамасыз ету. Кепілдіктер клиенттің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қордың төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі кері қайтарып алынбайтын міндеттемелерін білдіреді және кредиттермен бірдей кредиттік тәуекелге ұшырайды. Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер қарыздар нысанында кредиттер беру үшін басшылық бекіткен сомалардың пайдаланылмаған бөлігін қамтиды. Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелерге қатысты Қор пайдаланылмаған сомалар пайдаланылуға тиіс болған жағдайда, пайдаланылмаған міндеттемелердің жалпы сомасына тең мөлшерде шығын шегу тәуекеліне әлеуетті түрде ұшырайды. Соған қарамастан, ықтимал шығындардың сомасы пайдаланылмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан кем, себебі кредиттер беру жөніндегі міндеттемелердің басым бөлігі клиенттердің кредит қабілеттілігіне қойылатын белгілі бір талаптарды сақтауына байланысты болады. Қор кредиттік сипаттағы міндеттемелердің өтеуге дейінгі қалған мерзімді бақылайды, себебі әдетте ұзақ мерзімді міндеттемелер қысқа мерзімді міндеттемелерге қарағанда кредиттік тәуекелдің неғұрлым жоғары деңгейіне ие болады.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер:

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                       | 2026 жылғы<br>31 наурыз<br>(аудиттелмеген) | 31 желтоқсан<br>2025 жылғы |
|--------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|----------------------------|
| Берілген кепілдіктер                                                     | 822,665,364                                | 740,056,721                |
| Пайдаланылмаған кредит желілері                                          | 2,860,391                                  | 11,780,770                 |
| Кредиттік сипаттағы<br>міндеттемелер бойынша резервті шегергенде         | (49,389,990)                               | (38,616,862)               |
| <b>Резервті шегергендегі<br/>кредиттік сипаттағы міндеттемелер жиыны</b> | <b>776,135,765</b>                         | <b>713,220,629</b>         |

Шарт бойынша өтелмеген жалпы міндеттемелер болашақ ақша қаражаттарының кетуін білдірмейді, себебі аталған міндеттемелердің көпшілігі оларды ішінара немесе толық орындамай тоқтатылуы мүмкін. Төменде кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтің өзгеруіне талдау берілген:

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                        | Аяқталған үш ай                         |                                            |
|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------------|--------------------------------------------|
|                                                           | 2026 жылғы 31 наурыз<br>(аудиттелмеген) | 2025 жылғы 31<br>наурыз<br>(аудиттелмеген) |
| <b>1 қаңтардағы баланстық құн</b>                         | <b>(38,616,862)</b>                     | <b>(24,212,159)</b>                        |
| Пайда немесе залал құрамында көрсетілген шығындар         | (19,038,181)                            | (6,267,169)                                |
| Пайдаланылмаған резервтерді қалпына келтіру               | 9,064,945                               | 3,994,323                                  |
| Болашақ кезеңдердің кірістері есебінен құрылған резервтер | (6,690,985)                             | (1,576,273)                                |
| Аударма                                                   | 5,891,093                               | 1,275,997                                  |
| <b>31 наурыздағы баланстық құн</b>                        | <b>(49,389,990)</b>                     | <b>(26,785,281)</b>                        |



## **16 Қаржылық тәуекелдерді басқару**

Тәуекелдерді басқару Қор қызметінің негізінде жатыр және Қордың операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Қор тәуекелдерді анықтау, мониторингтеу, бағалау және бақылау жөніндегі тұрақты процесс барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және өзге де ішкі бақылау жүйелерін белгілеу арқылы тәуекелдерді басқарады. Тәуекелдерді басқару процесі Қордың тұрақты табыстылығын қолдау үшін аса маңызды болып табылады және Қордың әрбір қызметкері өзінің міндеттерімен байланысты тәуекелдерді басқаруға жауапты болады. Нарықтық тәуекел, оның ішінде баға тәуекелі, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел, сондай-ақ кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелі Қор өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын негізгі тәуекелдер болып табылады.

**Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидалары мен рәсімдері.** Қордың тәуекелдерді басқару саясаты Қор ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекел лимиттері мен тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайлардың, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің өзгерістерін және қалыптасып келе жатқан үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

**Валюталық тәуекел** – бұл валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралының әділ құнының немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі.

Валюталық тәуекел қолда бар немесе болжамды валютадағы активтер көлемі сол валютада көрсетілген қолда бар немесе болжамды міндеттемелер көлемінен артық немесе кем болған жағдайларда туындайды. Қор Басқармасы валюталық тәуекелді бағалауды ескере отырып, шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бөлінісінде Қор активтері мен пассивтерінің құрылымы бойынша шешімдер қабылдайды және валюталық тәуекелдің рұқсат етілетін мөлшерін әрі ашық валюталық позиция көлеміне лимит белгілейді.

2026 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

| <i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>                                                     | <b>Теңге</b>       | <b>АҚШ доллары</b> | <b>Жиыны</b>       |
|----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------|--------------------|
| <b>ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР</b>                                                               |                    |                    |                    |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары                                                  | 175,960,320        | -                  | <b>175,960,320</b> |
| Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар                                               | 384,824            |                    | <b>4 188 912</b>   |
|                                                                                        |                    | 3,804,088          |                    |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражат                                                          | 334,442,452        |                    | <b>334,442,452</b> |
